


Шымкент қаласы
«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық мекемесі



*Жөркем сөз – көңіл тілі
Жалаң сөз – зейін тілі.*

Ахмет Байтұрсынов

***Тақырыбы: «А.Байтұрсынұлының – қазақ руханияттың
темірқазығы!»***

Жауаптылар: И.А.Бекбаева

Д.Ж.Тенизбаева

Шымкент-2025ж

«А.Байтұрсынұлының – қазақ руханиятының темірқазығы!»

Мақсаты:

Білімділік: Азаттық таңын аңсаған Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынов асқар тұлғасы туралы кеңінен мәлімет беру, өмір сүрген қоғамдық- әлеуметтік кезеңімен таныстыру.

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін дамыту

Тәрбиелік: оқушыларды ұлылар өмірінен өнеге алуға, елжандылыққа баулу, ұлттық құндылықтарды сіңіру; өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекілік: плакаттар, интерактивті такта, слайдтар, үлкейтілген портреті, көрініске дайындалған костюмдер, акынның кітаптары, күй т.б.

Мұғалім : Құрметті оқушылар, бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз қазақтың азаттық таңын аңсаған Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсыновқа арнаймыз. Бүгінгі біздің мақсатымыз - біздің жерлесіміздің, біздің мақтанышымыз Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен еңбектері, қоғамдық саяси қызметі жайында білім алу.

Ахмет Байтұрсынов – қоғам қайраткері, акын, қазақ тілі білімі мен әдебиеттануының реформаторы. Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы, ғалым, акын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913-1918) ұйымдастырушысы, әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны (1872-1938) қазіргі Қостанай облысындағы, Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

(Слайд: А.Байтұрсынов портреті)

(әр оқушы өз мәліметтерін айтып тұрған кезінде экранда слайдтар көрсетіледі, күйде сол кезде ұнтаспадан ойналып тұрады)

1-оқушы: Ахметтің саяси қызметі

Ахметтің саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905ж. Қоянды жәрменкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы құзырхаты(петиция) авторларының бірі болды. Қарқаралы құзырхаты

жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандарымдық бақылауға алынған Ахмет 1909 ж. 1-шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Оған тағылған айыпта : халық арасына іріткі салып «өзін-өзі автономиялық басқару идеясын таратты», «орыстар мен қазақтар арасында өшпенділік қоздыру ісімен айналысты» деп көрсетілген.

(Слайд : Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызметі)

2-оқушы:

Ресей Империяның Ерекше Кеңесі 1910 ж. 19 ақпанда Ахмет қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Ахмет Орынборда 1910 ж. 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Ол осы қалада 1913-1918ж. өзінің жақын сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қазақ зияларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. 1913 жылдың 2 ақпан күні «Қазақ» деген газет жарқ етіп дүниеге келді. Бас редактор-Ахмет Байтұрсынов.

(Слайд : Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов портреттері)

3-оқушы:

Қазақ елінің дағдарып, белгілі бір тоқтамға келе алмай қиналған тұсы-орыстың басқа елдермен соғысына қазақтан әскер жинау мәселесі еді. 1916 жылдың жазында майдандағы қара жұмысқа қазақтың 19-21 аралығындағы жастарын алу жөніндегі патша жарлығы шықты. «Қазақ» газеті осы тұста тайсалмастан өз пікірін ашық айтты. Халық арасында пікірталас ұйымдастырды. Байтұрсынов бастаған біраз қазақ зиялысы осы

пікірлерді тұжырымдап, жинақтағаннан кейін бүкіл қазақ халқының атынан Ресей Мемлекеттік кеңесі мен Соғыс министріне жеткізді. Бұдан кейін Ресей Мемлекеттік думасындағы Мұсылман фракциясының төрағасы К. Тевкелев бас редактор Байтұрсыновты Мәскеуге арнайы шақырып, фракцияның мәжілісіне қатыстыруға мәжбүр болды. Думада сөз алған Байтұрсынов қазақтарға жеке муфтилик ашу, егер қазақтарды әскерге алса, оны қара жұмысқа жекпей, атты әскерлер сапына қосу, қазақ жеріне Ресейден қоныс аударушыларды дереу тоқтату керектігін кесіп айтты. Бірақ, ақ патша

оган құлақ аспайды. Оның соңы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске әкеліп соққаны тарихтан белгілі.

4-оқушы: Бадрисафа

Ахметтің жары Александра Ивановна жайында аздаған ақпарат бере кеткен артықтық етпейтін сияқты. 1878 жылы Ресейдің Челябинь облысында дүниеге келген. Бұл кісінің ұлты орыс. Бірақ, Ахмет пен отау құрғаннан кейін мұсылман дінін қабылдап, Бадрисафа деген есімді иеленген. Осы есіммен ел есінде сақталып қалды. Қазақ жеріне қоныс аударған әке-шешесі Қостанай қаласынан 100 шақырымдай жердегі Әулікөл ауылына табан тірейді. Ресейде арнайы білім алған Александра Ивановна осы жердегі орыс-қазақ мектебіне мұғалім болып орналасады. Осы мектепке Ахметте 1895 жылы мұғалім болып қызметке тұрады. Осында болашақ жары Александрамен танысады. Ақыры, 1896 жылы екеуі некелерін қидырады.

Мешіттің имамы Зейнулла ишанға Александраның ұлтын – татар, аты-жөнін Байтұрсынова Бадрисафа Мұхаммедсадыққызы деп жазғызады. «Бадри» арабша «толған ай» деген мағынаны, «сафа» – «мөлдір, тұнық, таза» деген ұғымды білдіреді. Ел арасындағы ақ келін атанған Бадрисафа өмірінің соңына дейін шариғат заңдарын пір тұтып, сүйген жары үшін басын тігіп өтеді. Ахметті атқаннан кейін Бадрисафаны Свердлов облысына жер аударды. Қазақ азаматын құлай сүйіп, оның өзіне де, қазақ атты ұлтына да адалдығын айғақтап өткен ару Александра-Бадрисафаны Кеңестік жандармдар ақырында жындыханаға апарып тықты. Ол сол жерден қайтып шықпады. Әулікөлде Бадрисафаға қазақтар ескерткіш орнатты.

(Слайд: Бадрисафа)

5-оқушы: 1921-1929 жылы Байтұрсынов халық жауы ретінде Архангельскіге жер аударылды. Бадрисафа сүйген жарына адалдығын сақтай білді. Сол үшін қызы Шолпанмен бірге Томск облысына жер аударылады. Патша жандармдарына бұл да аздық етсе керек, біраздан кейін Шолпанды Томскіде қалдырады да, Бадрисафаны Батыс Сібірге жер аударып, ағаш кесу жұмысына салады. 1934 жылы орыс жазушысы М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың көмегімен Ахмет отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бірақ, қазақ ұлтының көсеміне қызмет табылмады. Денсаулығы нашарлай бастаған жары Бадрисафаны аман алып қалу үшін Ахмет күнкөріс қамына кірісті. Мұражайда күзетші, туберкулез диспансерінде санитар болып та жұмыс істеді. Кеңестік жаналғыштар Ахметке мұны да көп көрді. 1937 жылдың 8 желтоқсанында ақыры атып тынды.

(Слайд: Қостанай қаласындағы А. Байтұрсыновтың атындағы университет, М. Әуезовтің портреті, айтылған сөздері)

6-оқушы:

Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты- біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын».


Мұғалім: «Егіннің бастар», «Қайыршы мен Қыдыр»

атты мысалдардан қысқаша көріністерді оқушылардың орындауында көресіндер.

7-оқушы: «Оқуға шақыру» өлеңі

8-оқушы: «Жұртыма» өлеңі

Мұғалім: Өткен ғасырдың басында жеке ел, мемлекет боламыз деп азаттық таңын аңсаған Алаштың арыстаны Ахмет Байтұрсынов арманына жете алмай арманда кетті. Бар өмірін күреске арнаған отаршылдықтың шынжыр бұғауын тас-талқан етер күнді аңсап, тезірек жетуін асыға күтеді. Репрессияға ұшыраған ақын, ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, аудармашы ақталды. Қазақстан бүгінде егеменді ел болып дүние жүзіне танылуда. Тарих бізге тәуелсіздікті тарту етті.





*«А.Байтұрсынұлының – қазақ руханияттың
темірқазығы!»
тақырыбында өтілген әдеби кештің анықтамасы*

05.09.2025ж «А.Байтұрсынұлының – қазақ руханияттың темірқазығы!» атты әдеби кеш өтілді. Әдеби кеште ақынның қазақ қоғамына сіңірген еңбегі айтылды. Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды деп толық мәлімет айтылды. Оқушылар өлеңдерін оқып, видеоролик кеңінен көрсетілді.

Жауаптылар: И.А.Бекбаева

Д.Ж.Тенизбаева